

ӘЙЕЛ МІНЕЗІ СИПАТЫ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Байсыдық И.Б.¹, Омарбаева Г.С.²

¹пед.ғ. магистрі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
e-mail: i.baissydyk@gmail.com,

²филол. ғ. кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
e-mail: omar.gulmira@gmail.com

Аңдатпа. Мақала әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздерін іздеу, талдау, зерттеу бағытында жазылып, атаулардың қолданыста болуын және қолданыстан шығу тегін қарастырады.

Мақаланың мақсаты – әйел мінезі сипаты атауларының пайда болу, қолданысқа ену, таралу мәселелерін лингвомәдениеттану саласы негізінде саралау, атауларды нақты мысалдармен талдау. Негізгі бағыттары мен идеялары – мақаланың ғылыми-тәжірибелік сипатын және әйел мінезі сипаты атауларының дүниетанымдық, этнологиялық және мәдени аспектілерінің қазақ руханиятындағы орнын анықтау, лингвомәдениеттанымдық негіздерін талдау.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы – әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздерін анықтау арқылы тіл білімінің бүгінде көп зерттеліп қарастырылмаған лингвомәдениеттану саласының дамуына әсер етуі болса, практикалық маңыздылығы – қазақ тіліндегі әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздерінің зерттелуін саралай отырып, атауларды жағдаятқа байланысты, мағыналық ренкін жоймай, ұлттық тіл заңдылықтарына сай дұрыс қолданысқа енуіне үлес қосу.

Мақалада мінез атауларының мәдени және тілдік факторлармен үйлесімде пайда болуы негізін анықтау мақсатында ономастикалық, этимологиялық, семантикалық, лингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық салыстырмалы талдаулар жүргізілді. Өзге авторлар бұған дейін қарастырған, зерттеген жұмыстар теріске шығарылмай, керісінше сол зерттеу үлгілерін қолдану негізінде атаулардың бірнеше түрі мағынасына, қолданылу сипатына, шығу тарихына сай сараланды. Талдау барысында ұлттың мәдени, географиялық, этнографиялық ерекшеліктерін негізге алады.

Авторлар мақаланың негізгі нәтижелері мен талдауы, қорытындысында әйел мінезі сипаты атауларын лингвомәдениеттанымдық негіздері аспектісінде зерттеу әдісін, олардың көркем әдебиет, ғылыми мәтін және күнделікті қолданыстағы ауызекі сөйлеу ерекшелігіндегі көрінісін, мәдени сипатын, ұлттық дүниетанымға тән пайда болу жүйесін, шығу тарихы туралы зерттеуін отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми талдаулары, тұжырымдары арқылы дәлелдейді.

Мақаланың құндылығы және оның тіл білімінің лингвомәдениеттану саласына қосқан үлесі, ондағы зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңызы тіліміздегі әйел мінезі сипаты атауларының ауызекі тіл мен жазба әдебиеттегі қолданысын анықтап, мысалдармен талдау, қолдану жиілігіне қарай белсенді атауларды анықтауға, атаулардың этнонимдік мәнін ашып, саралауға, әрі теориялық анықтама тудыруды, тіліміздегі әйел мінездерінің атаулық мағынасын ұғынып, саналы түрде қолдануды жүзеге асыру.

Мақала қорытындысының практикалық маңызы – атаулардың бүгінде қолданыстан шыққан түрлері мен қолданыстағыларын салыстырып, олардың өз мағынасына сай жұмсалуды қалыптастыруды жүзеге асыру, халықтың тілдік мәдениетін дамыту.

Тірек сөздер: мінез сипаты, әйел мінезі атаулары, лингвомәдениеттану, лингвомәдениеттанымдық негіздер, мінез атаулары, дүниетаным, мәдени және тілдік ерекшелік, тілдік сана.

Негізгі ережелер

Кез келген тіл бойында өз ұлтының мәдениеті мен тарихын, талғамы мен дүниетанымын, мінез-құлқы мен дәстүрін сақтайтын таңба жүйесі. Құрылымының мұндай мазмұны негізінде тілді тек таңбалық жүйе ретінде емес, ұлттың тынысы мен болмысын тұтас сипаттайтын мәдениеті ретінде таныған дұрысырақ. Себебі сол мәдениетінің негізінде тіл тұтас бір мемлекеттің ұлттық тілі қызметін атқара алады. Демек тілдің қызметін бүгінге дейін жиі қайталап, қарастырып келген коммуникативті құрал ретінде ғана емес, оның мәдениеті мен этномәдени құндылықтарды жиып, сақтап, сол ұлттың келер ұрпақтарына жеткізуші көпірі деп тану міндет.

Тілдегі атаулардың табиғатын тілдік заңдылықтарына ғана емес, сол халықтың салт-санасына, ұстанымдары мен көзқарастарына, қағидаларына, өзіндік болмысына баса мән бере отырып, яғни лингвомәдениеттанымдық тұрғысынан қарастыру мол нәтижеге жеткізеді. Тіл және мәдениет өз қатынасында сол ұлттың мәдениетінің тілде, атауда сақталып, қатар жүруіне, соның негізінде ұлттың ерекшелігін тануға қызмет етеді. Атаулардың сипатын лингвомәдениеттану аспектісінде қарастыру мәдениетаралық таным мен сөз мәдениетінің даму құралын қалыптастыруға әсер етеді.

Әйел мінезі сипаты атаулары ең алдымен тіл білімінің теориялық тұжырымдары аясында зерттелсе, олар туралы нақты деректерді көркем туындылардан немесе күнделікті ауызекі тілдегі мысалдардан аламыз. Осы ретте лингвомәдениеттанымдық негізінің маңызы айқын көрініп, атаудың қолданылу ерекшелігі туралы нақты қағидалар пайда болады.

Тіл мен мәдениет арасындағы байланысты мойындай отырып, көптеген отандық және шетелдік зерттеушілер ең алдымен тілдің лингвомәдениеттанымдық негізіне назар аудара бастады. Оның бірліктері тіл қызметінің барлық өзгерістеріне тікелей жауап береді. Әйел мінезі сипаты атауларының ерекше мәдени-спецификалық мағыналары тілдік ұжымға тән өмір салтын ғана емес, сонымен қатар ойлау тәсілін де көрсетеді. Барлық атаулардың өрнек жоспары, яғни қалыбы мен мазмұны бар. Номинативті мән объектілерге, құбылыстарға, үдерістерге, шындықтың қасиеттеріне, соның ішінде адамның ішкі өміріне бағытталған және олардың әлеуметтік түсінігін көрсетеді. Атаулар материалдық және рухани саладағы объектілер мен үдерістердің қасиеттері, сапасы мен өзара байланысының нақты белгілерін көрсететін тұжырымдаманың тілдік жүйесін қалыптастыру негізінде анықталады. Сондықтан мұндай тілдік бірліктер қарым-қатынастың мазмұнды элементтерін құрайды. Тілдегі кез-келген белгі атау актісінің алдындағы тәжірибемен және белгілі бір тілдің тұжырымдамалық жүйесінің негізгі тенденциялары және заңдылықтарымен анықталады. Қазақ тілінің тұжырымдамалық жүйесінде әйел мінезі сипаты атауларының

лингвомәдениеттанымдылық көрінісі жас ерекшелігіне және қолданылу ретіне қарай жүйеленеді.

Кіріспе

Әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдылық негіздерін талдамас бұрын лингвомәдениеттану саласының нені қарастырып келгенін және қазіргі кезде қандай аспектілерді зерттейтінін саралап өткен дұрыс. XX ғасырдың аяғында тіл білімі мен мәдениеттану қатынасында лингвомәдениеттанудың пәнаралық ғылымының пайда болуы лингвисттердің оған деген қызығушылығын тудырды. Одан кейінгі ғасыр басында лингвомәдени мектептер құрылды (мысалы, Н.Д.Арутюнова, В.В. Воробьев, В.И. Карасик, В.В. Красных, Ю.С. Степанов, В.Н. Телия және т. б.), лингвомәдени талдаудың әртүрлі ғылыми тұжырымдамалары мен әдістерінің негізінде осы лингвистикалық бағыттың нақты тұжырымдамалық-терминологиялық аппараты құрылды.

Әдетте, жаңа ұғымдар мен оларға сәйкес терминдердің пайда болуы ғылыми ортада кейбір түбегейлі келіспеушіліктер мен сәйкессіздіктерді тудырады. А.В. Лемовтың айтуы бойынша, «...ғалымдар көбінесе ғылыми сөздердің мағыналары туралы келісімге келе алмай дал болады» [1, 15 б.]. Алайда лингвомәдениеттану гуманитарлық пән ретінде оны анықтау тұрғысынан сирек ерекшеліктерді білдіреді. Ғылыми дискурста көрініс тапқан лингвомәдениеттанудың түрлі анықтамаларын салыстырмалы талдау нәтижесі көрсеткендей, барлық зерттеушілер бұл тұжырымдаманы анықтауда бірауыздан, ең алдымен «тіл – мәдениет» диадасына негізделген.

Мәселен, В.В.Воробьев өзінің анықтамасында: «Лингвомәдениеттану – бұл синтездеу түрінің кешенді ғылыми пәні, оның қызметіндегі мәдениет пен тілдің өзара байланысы мен әрекеттесуін зерттейді және бұл үдерісті жүйелік әдістерді қолдана отырып және қазіргі заманғы басымдықтар мен мәдени белгілерге назар аудара отырып, тілдік және тілден тыс мазмұнның бірліктерінің тұтас құрылымы ретінде көрсетеді» [2, 37 б.].

Осылайша, лингвомәдениеттанудың гуманитарлық білімнің жүйелік кешеніндегі орны мен ғылыми пәні нақты анықталған. Бұл оның өзінің жеке пәні мен зерттеу объектісінің болуына себеп болады. Ғылыми білімнің синтезін көрсету де маңызды, бұл өз кезегінде, бір жағынан, қазіргі ғылыми парадигма үшін маңызды, ал екінші жағынан, зерттелетін тұжырымдаманың жалпы және дифференциалды белгілерін анықтауды талап етеді. В.В. Воробьев ұсынған лингвомәдениеттанудың анықтамасы, кең және терең мағыналы, өйткені ол зерттеушілерді бірден лингвистикалық талдаудың белгілі бір әдістемесіне – «жүйелік әдістерге» бағыттайды.

В.В. Красных берген лингвомәдениеттану анықтамасында «мәдениет – тіл» жалпы интегративке негізделген, сонымен қатар, анықтамада зерттелетін пәннің басқа да маңызды белгілері көрсетілген: әлемнің ұлттық бейнесі, тілдік сана, ұлттық-психикалық ерекшеліктер зерттеудің түбегейлі жаңа нысандары ретінде: «лингвомәдениеттану – көріністі зерттейтін пән, тілдегі және дискурстағы мәдениеттің көрінісі мен фиксациясы» деп танылады. Бұл

әлемнің ұлттық бейнесін, тілдік сананы, психикалық-лингвистикалық кешеннің ерекшеліктерін зерттеумен тікелей байланысты [3, 12 б.].

Әрбір ұлттық тіл бірнеше негізгі қызметтерді орындайды. Мысалы: коммуникативтік, ақпараттық және эмоционалды, ең бастысы, осы тілдік қоғамдастықтың мәдениеті туралы барлық білімдері мен идеяларын сақтау қызметі. Тілдің мәдениет туралы білімді сақтауға қатысуы екі деңгейде: біріншіден, тілдің өзіндегі лексика мен грамматиканың семантикалық жүйелерінде; екіншіден, сөйлеудегі, тілде жасалған жазбаша және ауызша хабарламалардағы атаулардың лингвистикалық және мәдени сипатында жүзеге асырылады [4, 253 б.].

Зерттеушілер халықтың ұлттық дәстүрі мен мәдениетін, дүниетанымы мен көзқарастарын ескермей, тілді нақты түсіну мүмкін емес деген ойды айтады. Ондағы мәдениеттің негізін және атаулардың әлеуметтік мәнін көре білу маңызды. Сол арқылы ол ойын тілдің органикалық тұтастығына негіздейді. Атаулар оқшауланған сөзжасам емес, тілдік мазмұндағы біртұтас үдерістің бөлігі. «Тілді өлі өнім ретінде емес, шығармашылық үдеріс ретінде қарастыру керек» деген әйгілі пікір арқылы тіл рухани өмірдің жетістіктерін ғана емес, ұлт мәдениетінің барлық алуан түрлілігін жинақтайтынын көрсетеді. Бұл жағдайда мінез сипаты атауларының қызметтері аяқталып қана қоймай, сонымен қатар тілдің барлық деңгейлерінің бірліктерімен күрделі қатынастармен анықталады.

Қазіргі уақытта бұл мәселенің кейбір теориялық аспектілері қазақ тілі мен қазақ лингвомәдениеттану материалдары негізінде қазақ зерттеушілерінің өзге атаулардың лингвомәдениеттанымдық негіздерін зерттеу жұмыстарында белең алып келеді.

Әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздерін зерттеу – тілді мәдениетке қатысты жан-жақты зерттеу. Осыған сүйене отырып, тәжірибелік материалды зерттеу лингвомәдени өріс әдісімен жүргізіледі әрі сол арқылы біз лексикалық-фразеологиялық бірліктердің белгілі бір тақырыптық жиынтығын айқындаймыз. Себебі олардың лексикалық фоны ұлттың ең маңызды мәдени және әлеуметтік сипаттамаларын көрсетеді [5, 28 б.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздерін зерттеу кезінде ұғымдарды логикалық формалар ретінде лингвистикалық мағыналарға айналдырумен қалай байланысты екенін, көп қырлы әрі күрделі шындықтар, нақты фактілер мен адамның ішкі әлемінің құбылыстары қандай құралдармен жасалатынын белгілеу формаларында лингвистикалық формалардың ұйымдастырушылық рөлін белгілеу аса маңызды. Өйткені әр мінез атауының тілдік және мәдени сипаты тілде көрсетілген жеке тұлғаға тиесілі және қолданылу аясы барлық тілдік сипаттау ерекшеліктеріне сай жіктеледі. Гносеологиялық-семиотикалық аспектіде атау – бұл тілден тыс шындық фактілерін тілдің жүйесі мен құрылымының мұрасына енгізу үдерісі, бірақ бұл үдерісті адамның айналасындағы шындықтарды, сондай-ақ

әлеуметтік тәжірибе мен жалпы тәжірибені ескерусіз елестету мүмкін емес мәдени фон ретінде саналады.

Демек, тілдің атаулық компоненті – адам санасының шағылысуымен тікелей байланысты болуы мүмкін тіл деңгейі. Әр түрлі тілдердегі номинативті бірліктердің жеткіліксіз семантикалық мазмұнын осы бірліктердің сәйкес келмейтін әлеуметтік-мәдени жүйелерде объектілердің бір класын басқа кластардан ажырататын белгілері мен қасиеттерінің пайда болуымен түсіндіруге болады.

Біз атау деп:

1) шақырушы функция немесе сөз жағы, берілген сөйлеу жағдайында немесе контексте қолданылатын (пайда болған) сөздің семантикалық аспектісін;

2) атау сөзді осы референтпен байланыстыру үдерісі ретінде түсінеміз. Әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдылық ерекшелігі мен артықшылығы: сипаттамалардың тұтас жиынтығына ие объектінің әлеуметтік мақсаты мен қызметі, ана тілінде сөйлейтіндердің номинативті ниетінің орталығына айналады, «нақты заттық байланыстар бұзылады (жойылады) және материалдық қасиеттер келесі аталған ұғымға түсірілген түрінде енеді.

Әйел мінезі сипаты атауларын жіктеу барысында жалпылау, типтеу, жіктеу, салыстыру және нақтылау үдерістері жүзеге асырылады, ал адам ойы объектінің дерексіз виртуалды моделі мен жеке сипаттамалары бойынша айтарлықтай ерекшеленетін нақты объектілер жиынтығы арасында тепе-теңдік сақтайды. Әр түрлі мінездерді түрлі атаулармен атай отырып, біз бірқатар нақты сипаттамалардан (мысалы, атаудың мәні, ұлттың дүниетанымына сәйкестілігі, ерекшеліктері, қолданылуы және т.б.) алшақтаймыз, яғни кейбір атаулардың синонимдік қатары туындап, мағыналары ұқсастары туындайды. Қазақ тіл біліміне ұлттық дәстүріміз бен санамыздың, дүниетанымымыздың тілдік сипатта көрініс табуы ұлттың даму тарихымен қатар анықталады [6, 68 б.].

Лингвомәдениеттану үшін сөздің «мәдени жады», оның өткеннен ерекше түрде тартылатын және сөздің қазіргі қабылдауына әсер ететін бұрынғы қолданыстары да үлкен маңызға ие.

Нәтижелер

Әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдылық негіздерінің қайнар көздері көбінесе ауызша халық шығармашылығында немесе көркем шығармаларда кездесетін атаулармен байланысты. Әдетте, функциялар, сыртқы форма, объектіні пайдалану тәсілі, құбылыстар мен үдерістердің басқа нақты сипаттамалары, адамның күйлері осы сөздің тікелей мағынасында көрсетіледі [7, 234 б.]. Осылайша, егер сіз тіліміздегі «адал» сөзін немесе «ақкөңіл» сөзінің лингвомәдениеттанымдық астарын салыстыратын болсаңыз, онда мінез сипаты атауының негізі қазақ халқының мәдениетіне, мінезіне сәйкес адам қасиеттерін сипаттау арқылы көрініс тауып тұр. Мұндай мінездің әйел бойында қалыптасуына бәлкім ұлтымыздың өмір сүрген кең даласы, дархан көңілі тиек болған шығар. Яғни, бұл сипат атауы

бір нәрсені нұсқау емес, нақты қасиетке, мінезге атау беру арқылы, оны сипаттау арқылы туындап отыр. Мінез атауларының тілдік және мәдениеттік аспектілері өзара байланысты екі үдерісті қамти отыра қарастыруды жөн көреді. Олар: мінез сипаты атауларының қасиеттерін ұлт мәдениетінің астарынан іздеу және түсіну нәтижелерін тілдік белгіде ұсыну. «Адал» болу қабілеті кез келген ұлттың кез келген жынысты адамына тән болуы мүмкін, бірақ ол атаудың қазақ тілінде қолданылуы мен оған үстелетін мән қазақи дүниетанымның негізінде түп мағынасын иеленеді. Осылайша, мінез сипаты атауының пайда болуындағы лингвомәдениеттанымдық негізі нақты объективтілік нәтижесінде қалыптасады. Атаулардың лингвомәдениеттанымдық негіздерінің басқа түрлеріне келетін болсақ, бұл мағыналар белгілі бір тілдің ерекшелігімен тығыз үйлесетіні соншалық, олардағы әмбебап, тұжырымдамалық, логикалық, әрі дәстүр мен мәдениет тұрғысынан мазмұны барлық жағынан халықтың ұлттық шығармашылығының өзіндік формалары мен тілдік нюанстарымен толтырылады» [8, 177 б.].

Әйел мінезі сипаты атауын тудыру – әйел адамның әлеуметтік-мәдени өмірінің және оның психологиясының құбылысына байланысты; атау беру үдерісінде тіл жүйесінде өз орнын алатын тілдік белгі пайда болуы үшін белгі формасы мен белгіленгеннің арасындағы байланыс ұлттың мәдениетіне сай маңызға ие болуы керек. Сонда ғана ол мінез сипатының атауы лингвистикалық қоғамдастықта да, халық арасында да толық қабылданып, жеңіл игеріледі [9, 130 б.]. Адам өзі өмір сүретін қоғам мен өз ұлтының дүниетанымындағы шындықты қабылдап қана қоймайды, сонымен бірге ол осы шындықтың бөлігі болып табылады, сондықтан тілде және мінезді сипаттау үдерісінде объективті шындық қана емес, сонымен бірге ондағы танымдық және әрекет ететін субъект те көрініс табады. Мысалы, әйел мінезінің сипатына жататын «абыройлы-абыройсыз» атауларын беру үшін қарама-қарсы сипаттағы мінездердің болатындығын дәлелдеу керек. Және оның сол ұлттың әйелінің бойынан табылатындығын мәдениет пен таным деңгейі тұрғысынан анықтап, талдау қажет. Оның орналасқан жерін ескерусіз қалдыру мүмкін емес [10, 46 б.].

Әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық жүйелерінің ерекшелігі – адамның семантикалық сөзжасам үдерісіне белсенді қатысуы, яғни әйел мінезінің көріністерін атайтын сөздер жиі қолданылуы. Мысалы: «асыл жүрек» атауы әйел затының ғана бойынан табылатын мінезді сипаттамайды, дегенмен осы сөзді қолдану жиілігі қазақ дүниетанымында көбінесе әйел мінезіне беріледі екен. Себебі «асыл жүректі аналарымыз» немесе «асыл жүректі әжелеріміз» деген атаулар қолданыстарында жүрегінің жұмсақтығы мен мейірбандығы, осы мінезін қолдануы әйелдерге тән [11, 165 б.].

Осылайша, біз қазақ тіліндегі әйел мінезі сипаты атауларының тұжырымдамалық жүйесіндегі нақты тілдік және мәдени негіздерін аңғарамыз, әрі бұл атау тудыру үдерісінде өз көрінісін табатынына көз жеткіземіз.

Талқылау

Әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдени негіздерін саралау және талдау мақсатында ұлттық мәдениет пен рухани дүниетанымды сипаттайтын туындыларды мысалға алып, нақты дәлелдер келтірген абзал. Себебі тіл әйел баласына этникалық тұрғыдан ерекше көзқарасты бекітіп қояды. Қазақ халқы ХХ ғасырдың бірінші ширегіне дейін белгілі бір өзіндік мәдениетті, өмір салтын, дәстүрлерді, мінез-құлық стереотиптерін қалыптастырған көшпелі өмір салтын ұстанып келгені белгілі [12, 124 б.]. Дәстүрлі қазақ отбасындағы әйелдің рөлі ерекше болды. Ол туралы А.Сейдімбек былай дейді: «Әйел ұрпақтан-ұрпаққа өзінен балаларға ауысатын халықтық мәдениеттің сақтаушысы рөлін атқарды: баланың бесігінде отырып, оны халық даналығының қымбат өсиеттерінде тәрбиелеп, баласына сезімтал деңгейде өмірдегі ең пайдалы және қажетті нәрсені жеткізді. Анасы мұндай әсер сыйлаған балаларға болашақта әділдік жолында хан жарлығы да, батырдың найзасы да тосқауыл бола алмайды» [13, 366 б.]. Қазақ жазушылары А.Әлімжанов пен С.Санбаевтың шығармаларынан әйелдің бейнесін және оған тән мінез сипаттарының атауларын қарастырайық. Мәтіндердегі әйелдің бейнесі көп қабатты. Әйел ерте бала шағынан бастап «ұстамды», «ұялшак», «сыпайы», «шыдамды», «байсалды» секілді мінез сипаттарын бойына жиып, өзіндік мінез белгілерін қалыптастырады. Әйелдердің мінез сипаттарының әлеуметтік бағдарланған стереотиптері тәрбиеленді, олар толеранттылықтың бейнелі-бағалау тәжірибесін қолдана отырып мәтінге, ауызекі қолданысқа, тілдік қорға енгізілді. Мысалы: әйелдер таңнан кешке дейін киіз үйдің жанында от жағып жүрді, құрт дайындады, ауылда қалып қойған қозыларды емдеді, жүнін иірді. Әйел киіз үйге ондағы қарт кісілерге бір кесе айран немесе қымыз беру үшін ғана кіріп-шыққан. Әйел ол кезеңде ұзын, аяққа дейін төгіліп тұратын әдемі бүрме көйлектер киген және т.б. «Оның өрімдеріне бірнеше күміс бақырлар тоқылған. Анаш ешқашан Ақжүністің көңілді жүргенін көрген емес. Ол Ақжүністен үнемі қандай да бір терең қайғы мен мойынсұнушылықты байқады» [13, 123 б.]. Контексте қыздың портреттік сипаттамасы, ұлттық киімнің бөлшектері, қазақ қызының бейнесі туралы үлгілік әсер қалыптастыруға ықпал ететін сипаттар негізінде беріледі. Бағаланатын эпитеттердің біртекті сериясы бөлінбейтін, үнсіз типтік бейнелі қабылдаудың стереотипін құрайды. Бұл сызықтық толеранттылық тәжірибесі мәтіндегі іс-әрекетті білдіретін иіру, тігу, күтім етістік формаларын қолданумен байланысты. Сол қимыл-әрекеттері арқылы Ақжүністің бойындағы мінезді айқын аңғарып, оны «ұяң», «момын», «ибалы» деген атаулармен сипаттауға болады.

Қазақ қызының мінездік портретін қалыптастыру таптық қатынастардың әмбебап оппозициясына енген еді: кедей қызы, бас уәзірдің қызы, бай қызы деп топтастырылуы арқылы олардың бойына тән мінездері де өзгеше, ерекше, жақсысы мен жаманы аралас байқалып, олардың атаулары да қолданыла бастаған еді. Әйелдің белгілі бір мүлікке (шеңберге) әлеуметтік қатыстылығы мінез-құлық стереотиптерінің белгілі бір нұсқаларын ғана емес, сонымен бірге

оларды бұзу мүмкіндігін де анықтайды. Мәтінде әлеуметтік қатынастардың ерекшелігі мен әйелдің стереотиптік мінез-құлқының түрі арасындағы байланыс орнатылады: - бас уәзірінің қызы қызметші секілді отқа терлеп, өзін мазақ ету қаупіне ұшырамады. Санияда бұрын-соңды оның жағдайындағы әйелдерге тән депрессия мен мойынсұнушылық сезімі пайда болған емес. Өйткені, ол бай қызы да, сұлтанның қызы да емес. Бірақ әкесі де, шешесі де, бүкіл ауылы да оны еркелетіп, еркін тәрбиелеп өсірді «Еркін», «ерке», «ерке-бұлан» атауларының лингвомәдениеттанымдылық негізі әйел баласының осындай еркіндігінің, мінез ерекшелігінің әсерінен туындаған. Әйелдің мінез-құлқына байланысты вербалды емес мінез-құлықтың ұлттық стереотиптері де бар.

– Бұл жерде қорқынышты, – деді олардың бірі. Қария өз құлағына өзі сенбеді. Жел сөздерді анық жеткізді. Бұл әйелдің дауысы еді. – Тсс... олар әлі ұйықтамайды, – деді екіншісі. Тыныш, қыздың күлкисі естілді. – Астапыралла! – Қарасұңқардың ерні үнсіз қалды. – Өлгендер қорғанындағы әйел, түн... [13, 123 б.]. Бұл мысалдар әйелдердің вербалды емес мінез-құлқына із қалдыратын келесі тыйымдарды да көрсетеді. Мұндайда әйел мінезінің «көнбіс», «елегіш», «бәсен» секілді сипаттары көрініс табады.

Мәтіндегі «Әйел – сенімді серік, отбасының тірегі» деген екі мәдениет үшін де стереотиптік мағына тірек болып табылады: «Мақатта олар: Тұрлыжанның үйі берік, ол өмірде оңай ренжімейтін күшті және жігерлі жігіттерге жабысады деп есептеді. Олардың әлемінің төртінші тірегі келіндер болуы керек еді» [14, 339 б.].

Кейіннен бір кездері үймен, отбасымен шектелген әйелдер әлемі өзгерді, яғни әйел затының мінез-құлқы да қоғам мен халық тіршілігіне, тынысына сай өз сипаттарын өзгертті. «Бәрі өзгерді, адамдардың көздері жамылғымен жабылғандай болды, жерді ұмытып кетті, жақсы әдет-ғұрыптарға қол бұлғады» [14, 340 б.]. Бұл сипаттан уақыттың еншісіне ілесіп әйел мінезі сипаттарының жақсыдан жаманға да ауысу жиілігінің пайда болғандығы аталып өтіледі. Әлеуметтік рөлдік мінез-құлық стереотиптері контекстен көрініп тұрғандай өзгерді.

Ұлтымыздың дәстүрлі өмір салты, отбасылық қатынастары дамыған көп әйел алу институтымен сипатталды. Жазушы неке қатынастарының тарихи шындығы мен ерекшелігін былай сипаттайды: сыртта Адайбектің үлкен әйелі бәйбішенің дауысы киіз үйге ұшып кетті. – Сенің әкең неге келді? – Кемпірдің дауысы есік алдында естілді. – Неге бірден екі қой саласың?! Бұған жауап ретінде кіші әйелі тоқалдың «батыл», ақталған дауысы шықты ... [14, 318 б.]. Бәйбіше науаға жаңа піскен қой етінің бұмен пісірілген үйіндісін әкелді, ал қонақтар асықпай тамақ ішуге кірісті [14, 334 б.].

«Көп ұзамай екі шаруа қожалығы жылқыларды көтеріп, би Есенберді, Хакім молда және басқа да қарттармен – марқұмның туыстары, әйелдермен бірге ауылдан аттанды. Ботақанның кіші әйелінің киіз үйінде ұзын бойлы жас Сұлан, Самигидің ұлы жүгіріп келіп, жылқысының тізгінінің астына алды. «Толық», «кішкентай бойлы», «кең жүзді» Дәулет күтпеген жерден жылқыдан оңай секіріп, шапанын тез түзетіп, киіз үйге кірді [14, 369 б.].

Көркем әдебиетте әйелдің ана, жар, құрбы ретіндегі бейнелері жасалып, мінез атаулары қолданылады. А.Сейдімбек оны былай деп сипаттайды: «Көшпелі өмір салты кезінде әйел-ана ешқашан еңбек үдерісінен, отбасы үшін, отбасының сақталуы мен әл-ауқаты үшін, халықтың тағдыры үшін жауапкершіліктен ажыраған емес». Мысалы: – ол... Зәуреш «мейірімді», «жүрегі нәзік», бірақ «тұйық» болды... . Оның бір нәрсеге шағымданғаны есімде жоқ. Мен оның әрдайым пештің жанында тамақ пісіріп, кір жуып немесе далада жұмыс істеп жүргенін көрдім, - деген сипаттамасы [13, 353 б.].

«Мейірімділік», «данагөй», «еңбексүйгіштік», «жақындарына қамқорлық» сияқты әйелге тән мінез сипаттарының атаулары көркем шығармада ғана емес, күнделікті қолданысында да қазақ ойымен, мәдениетімен тікелей байланыста қарастырылады. Шұғыл жағдайда «күшті», «батыл», «шешім қабылдағыш» әйел тек отбасы үшін ғана емес, бүкіл халық үшін моральдық тірек бола алады.

«Қайсарлық», «төзімділік» және «қарсы тұру» мүмкіндігі әйел мінезі атауының лингвомәдениеттанымдық негізінде осындай жағдайлармен дәлелденеді.

Әйел мінезі сипаты атауларының тілдік және мәдениеттік мәнін анықтауда мәтіндегі кек алушы әйелдің бейнесін де айтқан жөн. Кейіпкерлердің бірі өмірдің мәнін әкесінің өлтірушісінен кек алатын ұлды тәрбиелеуден ғана көреді. Ол – Қарлығаш, кек алу күнін күтіп өмірін өткізді. ... Қарлығаш көптен бері кеудесіндегі «кекшілдікті» қастерлеп жүрді және оның жетілген ұлы әкесінің өлтірушісімен күресу үшін толық әскери қаруланған күнді асыға күтті [14, 129 б.].

Көшпелі өмір салтының ерекшелігі дала әйеліне «еркін», «ашық» қалуға мүмкіндік берді. Тарихтың маңызды сәттерінде әйел ер адаммен бірге жаумен күресіп, көршісінің ар-намысы мен қадір-қасиеті үшін қосылып, кінәліні жазалай алды. Яғни, бұл сипаттар мен атаулардың лингвомәдениеттанымдық негіздерін біз қазақтың сан тарау жылдар мен ғасырларда қалыптасып, өзгеріп, дамып келген мәдениеті мен дүниетанымы арқылы анықтаймыз.

Қорытынды

Қорыта келе әйел мінезі сипаты атауларының мәдени аспектілерін зерттеу барысында бейнелі семантикасы бар сөздер, атап айтқанда, жағымды немесе жағымсыз мінез атауларына қатысты белгілі бір анықтамалық бейнеге негізделген эмоционалды-бағалау атаулары негізге алынып, сараланды. «Алданғыш» пен «алдаушы» мінездердің сипаттары эмоционалды бағалау сөздерінің жүйесінде салыстырмалы түрде орын алады. «Алданғыш» пен «алдаушы» қарама-қайшылығы әмбебап болып көрінеді және ең жалпы формада өзара байланысты оппозициялардың тұтас спектрін бейнелейді. Яғни мінез сипаты атаулары лингвомәдениеттанымдық негізінде сол халықтың танымында екі жақты (жақсы және жаман мінез сипаттарының атаулары) сипатталатыны заңды саналады.

Адам мінезінің сипаты негізінде атаудың мәдениет аспектісінде қоса қарастырылу механизмдері барлық тілдерде бар: атаулардың этимологиясы,

қайталама атаулардың дамуы тілдің объективті әлемге біртұтас қатынасымен байланысты, ал атаудың атрибутын таңдау ерекше өмір салтына, мәдени даму деңгейіне байланысты болады.

Ұлттың өзін-өзі дамыту үдерісінде жинақтаған мәдени және материалдық құндылықтар туралы білімі этникалық сананың дүниетанымының негізін құрайды. Тіл лингвомәдениеттанудың негіздерінде нақты жүйе ретінде осы құндылықтарды сақтауға және оларды келесі ұрпаққа беруге ықпал етеді, сонымен қатар ұлттық дүниетаным мен жеке тұлғаның тілдік санасын қалыптастыруға қатысады.

Ғылыми зерттеулерде тілдік сана тілдік құралдар арқылы берілетін бейнелердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Олар тілдік белгілерді қалыптастыру, сақтау және қайта құру құралдары болып табылады, бұл адамға генезисті сауатты тұлға ретінде тану үдерісіне еруге көмектеседі. В. Фон Гумбольдт бұл ұғымды ғылымға енгізген алғашқы ғалым болды. Ол тіл өзінің қарым-қатынасында адамдардың тілдік санасының негізі деп санады [15, 396-397 бб.]. Мінез сипаты атауларын лингвомәдениеттану саласында зерттеу тілдік сананың өрісіне әсер етеді – бұл әлеуметтік мәдениеттің, оның ішінде этникалық мәдениеттің бір түрі. Бұл этникалық топтың мәдени-тарихи дамуы нәтижесінде жинақталған мәдени-семантикалық (тұжырымдамалық) білім мен әлеуметтік тәжірибенің негізі. Атаудың этникалық астары әйел мінезінің танымдық санасын көрсетіп қана қоймай, оның психологиялық ақыл-ойы мен ойлау тәсілін анықтай отырып, сипаттайды.

Әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздерін ұғыну, нақты ұлттық дәстүр мен дүниетаным, мәдениет негізінде мысалдар келтіре отырып, түпкі мәнін ашу, бүгінгі қолданыста жүрген түрлі атаулардың дұрыс-бұрыстығын аразыратуға ықпал етеді. Кез келген затқа, ұғымға, құбылысқа, тірі тіршілік иесіне т.б. телінген атаулар әр тілде өздігінше орын алып, көбейіп келеді. Бірақ осы атауларды тек тілдік сипатына сай ғана емес, ұлттық мәдениет аспектісі, объектісі ретінде зерттеуді қолға алу, әр атаудың лингвомәдениеттанымдық мәнін сипаттау тілдің тазалығы мен дамуы, сақталуына әсер ететін негізгі фактор екенін баса назарда ұстанғанымыз дұрыс.

ӘДЕБИЕТ

[1] Лемов А.В. Система, структура и функционирование научного термина (на материале русской лингвистической терминологии). – Саранск: Изд-во Мордовского университета, 2000. – 192 с.

[2] Воробьев В.В. Лингвокультурология: Монография. – М.: РУДН, 2008. – 336 с.

[3] Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология: Курс лекций. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2002. – 284 с.

[4] Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Әуезова). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 271 б.

[5] Керимбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: Автореф. дисс... д-ра филол. наук. – Алма-Ата., 1992. – 48 с.

[6] Қожахметова К.Ж. Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі – біртұтас // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. – Алматы, 2005. – No1. – 73 б.

[7] Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 350 б.

- [8] Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001. – 320 б.
- [9] Бөлеев Қ., Ибраимова Л.Н. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесі. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. –150 б.
- [10] Сарыбекова Ж.Т. Қыздар тәрбиесін ұйымдастыру. – Астана: 2002. – 50 б.
- [11] Рябов О.В. Межкультурная интолерантность: гендерный аспект // Культурные практики толерантности в речевой коммуникации: Коллект. моногр. – Екатеринбург, 2004. – 183 с.
- [12] Байғұтова А. М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Алматы, 2008. – 138 б.
- [13] Санбаев С. Дорога только одна. –М.: Молодая гвардия, 1974. – 432 с.
- [14] Әлімжанов Ә. Ұстаздың оралуы. Роман мен повестер. –Ж., ЖК «RS», 2013. – 362 б.
- [15] Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 450 с.

REFERENCES

- [1] Lemov A.V. Sistema, struktura i funkcionirovanie nauchnogo termina (na materiale russkoj lingvističeskoj terminologii) (System, structure and functioning of a scientific term (based on the material of Russian linguistic terminology)). Saransk, Izd-vo Mordovskogo universiteta, 2000. 192 p. [In Rus.]
- [2] Vorob'ev V.V. Lingvokul'turologiya (Linguoculturology). Monografiya, M.: RUDN, 2008. 336 p. [In Rus.]
- [3] Krasnyh V.V. Etnopsiholingvistika i lingvokul'turologiya, (Ethnopsycholinguistics and linguoculturology), Kurs lekcij. M.: ITDGK «Gnozis», 2002. 284 p. [In Rus.]
- [4] Zhanpejsov E. Etnokul'turnaya leksika kazahskogo yazyka (na materialah proizvedenij M.Äuezova) (Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language (based on the materials of M.Auezov's works)). Alma-Ata, Nauka, 1989. 271 p. [In Rus.]
- [5] Kerimbaev E.A. Etnokul'turnye osnovy nominacii i funkcionirovaniya kazahskih sobstvennyh imen (Ethnocultural foundations of the nomination and functioning of Kazakh proper names). Avtoref.diss... d-ra filol. nauk. Alma-Ata, 1992. 48 p. [In Rus.]
- [6] Qojahmetova K.J. Ült tağdyry men qyz bala tärbiesi – birtütas // Bılım beru jüesindegi etnopedagogika (The fate of the nation and the upbringing of girls is unified // ethnopedagogy in the education system). Almaty, 2005, No1, 73 p. [In Kaz.]
- [7] Jaryqbaev Q.B., Qaliev S. Qazaq tälím-tärbiesi (Kazakh education). Almaty, Sanat, 1995. 350 p. [In Kaz.]
- [8] Tabyldiev Ä. Qazaq etnopedagogikasy (Kazakh ethnopedagogy). Almaty, Sanat, 2001. 320 p. [In Kaz.]
- [9] Böleev Q., İbraimova L.N. Qazaq etnopedagogikasyndaғы otbasy tärbiesi (Family education in Kazakh ethnopedagogy). Almaty, Nürly älem, 2009. 150 p. [In Kaz.]
- [10] Sarybekova J.T. Qyzdar tärbiesin üiymdastyru (Organization of girls' education). Astana, 2002. 50 p. [In Kaz.]
- [11] Ryabov O.V. Mezhekul'turnaya intolerantnost': gendernyj aspekt // Kul'turnye praktiki tolerantnosti v rechevoj kommunikacii (Inter-Cultural introversion: gender aspect //cultural practices tolerance in communication: collection). Kollekt. monogr. Ekaterinburg, 2004. 183 p. [In Rus.]
- [12] Baiğūtova A. M. «Qazaq äelі» konseptisiniñ etnomädeni sipaty (Ethnocultural character of the concept of «Kazakh woman»). Almaty, 2008. 138 p. [In Kaz.]
- [13] Sanbaev S. Doroga tol'ko odna (There is only one road). M. Molodaya gvardiya. 1974. 432 p. [In Rus.]
- [14] Äлімжанов Ә. Ұстаздың оралуы (The Return of the teacher). Роман мен повестер. J., ЖК «RS», 2013. 362 p. [In Kaz.]
- [15] Gumbolt V. Yazyk i filosofiya kul'tury (Language and philosophy of culture). M.: Progress, 1985. 450 p. [In Rus.]

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НАЗВАНИЙ В ОПИСАНИИ ЖЕНСКОГО ХАРАКТЕРА

*Байсыдык И.Б.¹, Омарбаева Г.С.²

*¹магистр пед. наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
e-mail: i.baissydyk@gmail.com,

²к. фил. н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
e-mail: omar.gulmira@gmail.com

Аннотация. Статья написана в направлении поиска, распознавания, анализа, изучения лингвокультурологических основ названий в описании женского характера, рассматривает употребительность и выход из употребления наименований и их происхождение.

Цель статьи – дифференциация проблем возникновения, введения в действие, распространения названий в описании женского характера на основе выявления лингвокультурных особенностей, анализ конкретных примеров названий. Основные направления и идеи – определение научно-практического характера статьи и места мировоззренческих, этнологических и культурных аспектов наименований, названий в описании женского характера в казахской духовности, анализ лингвокультурологических основ.

Научная значимость статьи заключается в том, что определение лингвокультурологических основ названий в описании женского характера оказывает влияние на развитие лингвокультурологической сферы, которая сегодня мало изучена. Практическая же значимость состоит в том, чтобы, дифференцируя изучение основ лингвокультурологии названий женского характера в казахском языке, способствовать правильному использованию имен в соответствии с законами национального языка, не теряя смысловых оттенков.

В статье проведен сравнительный анализ ономастических, этимологических, семантических, лингвистических и лингвокультурологических исследований с целью определения основ возникновения названий в описании женского характера в сочетании с культурными и языковыми факторами. Исследования других авторов, появившиеся ранее, дифференцируются на основе использования одних и тех же моделей исследований по значению, характеру использования, истории происхождения. В ходе анализа за основу берутся культурные, географические, этнографические особенности нации.

В ходе анализа, в основных результатах и заключении статьи авторы доказывают метод исследования названий в описании женского характера в аспекте основ лингвокультурологии, показывают особенности их отражения в художественной литературе, научном тексте и в разговорной речи в повседневном употреблении, дают их культурную характеристику, раскрывают систему происхождения, характерную для национального мировоззрения, исследуют историю происхождения посредством научного анализа выводов отечественных и зарубежных исследователей.

Ценность статьи в ее вкладе в область лингвокультурологии, практическая значимость результатов исследования – в выявлении названий женского характера в языке и анализе примеров их использования в разговорной и письменной литературе, в определении активных имен в зависимости от частоты их использования, в раскрытии и дифференциации этнонимического значения имен, создании теоретических определений имен, осмыслении и осознанном использовании названий женских характеров в казахском языке, тем самым в развитии национального языка.

Практическая значимость статьи состоит в сопоставлении существующих и ныне не существующих названий и формировании культуры их использования в соответствии со значением, развитии языковой культуры населения.

Ключевые слова: черты характера, наименование женского характера, лингвокультурология, лингвокультурологические основы, наименование характера, мировоззрение, культурная и языковая специфика, языковое сознание.

LINGUOCULTURAL BASIS OF DENOMINATIONS OF FEMALE CHARACTER TRAITS

*Baissydyk I.B.¹, Omarbayeva G.S.²

¹Master of Ped. Sc., Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan,

e-mail: i.baissydyk@gmail.com,

²Cand. of Phil. Sc., assistant professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,

e-mail: omar.gulmira@gmail.com

Abstract. This article is written in the direction of search, recognition, analysis, study of linguoculturological bases of the name in the description of female character. It considers the presence and disuse of names and their origin.

The purpose of this article is to differentiate the problems of the emergence, implementation and distribution of the names in the description of female character on linguoculturological bases, and analysis of the name on specific examples. The main directions and ideas are the definition of the scientific and practical nature of the article and place of the worldview, ethnological and cultural aspects of the name in the description of female character in Kazakh spirituality, and analysis of linguoculturological bases.

The scientific significance of the article lies in the fact that, by defining the linguoculturological bases of the name in the description of female character, linguistics has an impact on the development of linguocultural sphere, which is little studied today, and the practical significance consists in differentiating the study of the basics of linguoculturology of female names in the Kazakh language, to promote the correct use of names in accordance with the laws of the national language, without eliminating the semantic connotation.

This article provides a comparative analysis of onomastic, etymological, semantic, linguistic and linguoculturological studies in order to determine the basis for the emergence of the names and words in the description of female character in combination with cultural and linguistic factors. The works that were previously considered and studied by other authors were not refuted, but based on the use of the same research models, they were differentiated by the meaning, nature of use, and history of the origin of several types of names. In the course of the analysis, the cultural, geographical, ethnographic features of the nation are taken as a basis.

The authors in the main results and analysis of the article, in conclusion, prove the method of researching the name in the description of female character in the aspect of the bases of linguoculturology, their reflection in the features of fiction, scientific text and colloquial speech of everyday use, cultural character, system of origin characteristic of the national worldview, research of history of origin through scientific analysis, conclusions of domestic and foreign researchers.

The value of the article and its contribution to the field of linguoculturology of linguistics, the practical significance of the research results – to identify and analyze by examples the use of female character names in the language in spoken and written literature, to identify active names depending on the frequency of their use, to reveal and differentiate the ethnonymic meaning of names, to create theoretical definitions, to comprehend and consciously use the nominal meanings of female characters in our language, thereby to develop the national language, to adequately use the assigned names in their field.

The practical significance of the conclusion of this article lies in the comparison of existing and now non-existent types of names and formation of their use in accordance with their meaning, and development of the linguistic culture of the population.

Keywords: character traits, denominations of female character, linguoculturology, linguoculturological bases, character name, worldview, cultural and linguistic specificity, linguistic consciousness.

Статья поступила 25.11.2022